Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

12 сәуір 2024 жыл іс №1912-24-00-2/713 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.Ж.Омарбеков, оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
№1 "Ақши ауылдық Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
ЖК «ZR Strou», жеке кәсіпкер Дюсебаев Расул Елисович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. жұмысты толығымен аяқтау туралы
3. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 223-226,229-баптарының талаптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

№1 "Ақши ауылдық Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ЖК «ZR Strou», жеке кәсіпкер Дюсебаев Расул Елисовичті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, жұмысты толығымен аяқтауға міндеттеу туралы және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

ЖК «ZR Strou», жеке кәсіпкер Дюсебаев Расул Елисович мемлекттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ЖК «ZR Strou», жеке кәсіпкер Дюсебаев Расул Елисович 27 қаңтар 2024 жылғы №1 мемлекеттік сатып алу туралы шартына сай, сот шешімі

заңды күшіне енген күннен бастап 1 (бір) ай ішінде, бастаған жұмысын толығымен аяқтауды міндеттелсін.

ЖК «ZR Strou», жеке кәсіпкер Дюсебаев Расул Елисовичтен мемлекет пайдасына 112 536 (жүз он екі мың бес жүз отыз алты) теңге тұрақсысыздық айыбы және 7 068 (жеті мың алпыс сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге – осы шешімінің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды канағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Н.Ж.Омарбеков**

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 15.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.05.2024, судья Омарбеков Н. Д., 29.05.2024

1912-24-3-1/596